



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

## **КОМПЛАЕНС БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТІ** **«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ**

---



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**



## Мазмұны

|  |    |
|--|----|
| <b>2. Талдау жүргізудің мақсаты мен көлемі</b> .....                           | 3  |
| <b>3. Сипаттама бөлімі</b> .....   | 3  |
| <b>4. Ақпараттық-талдамалық бөлім</b> .....                                    | 6  |
| <b>5. Қорытынды</b> .....  | 15 |
| <b>6. Анықталған тәуекелдер</b> .....  | 16 |
| <b>7. Ұсынымдар</b> .....  | 17 |
| <b>8. Талдамалық анықтаманы жіберу</b> .....                                   | 18 |
| <b>1-кесте</b> .....   | 19 |
| <i>2021-2022 жылдардағы тендерлер бойынша жоспар және факт</i> .....           | 19 |
| <b>2-кесте</b> .....   | 19 |
| <i>Алаңдардың мақсаты және өткізілген тендерлер саны</i> .....                 | 19 |
| <b>3-кесте</b> .....   | 20 |
| <i>2021-2022 жылдардағы тендерлер бойынша жоспар және факт</i> .....           | 20 |
| <b>4-кесте</b> .....   | 20 |
| <i>Сатылатын активтердің түрлері және олардың саны</i> .....                   | 20 |
| <b>5-кесте</b> .....   | 21 |
| <i>Сатылған активтер құнының айырмашылығы</i> .....                            | 21 |
| <b>6-кесте</b> .....   | 24 |
| <i>2022 жылғы ұтылып қалған сатып алу сомасы бойынша мәліметтер</i> .....      | 24 |
| <b>8-кесте</b> .....   | 26 |
| <i>2022 жылғы нарықтың қамтылуы жөніндегі мәліметтер</i> .....                 | 26 |
| <b>9-кесте</b> .....   | 27 |
| <i>2022 жылғы кірістер жоспарының орындалуы бойынша жалпы мәліметтер</i> ..... | 27 |



## **1. Талдау жүргізудің негіздемесі**

Коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) Басқарма төрағасы С.Т. Әбділдиннің 2023 жылғы 22 ақпандағы № 106 н/қ бұйрығы негізінде жүргізілді.

## **2. Талдау жүргізудің мақсаты мен көлемі**

2.1. Талдау жүргізудің мақсаты уақытылы алдын алу шараларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін митигациялауға және олардың іске асырылуынан болатын ықтимал зиянның шамасын азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу үшін коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау болып табылады.

2.2. Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды 01.01.2021ж. - 31.12.2022ж. аралығындағы кезең үшін келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізеді:

1. Әлімбаев А.Б., Комплаенс бақылау қызметінің басшысы - жұмыс тобының басшысы;

2. Саеков М.Ш., Ішкі қауіпсіздік департаменті директорының орынбасары - жұмыс тобының мүшесі;

3. Жақсыбеков Н.Н., Активтерді басқару және коммерциялық сервис департаменті директорының орынбасары - жұмыс тобының мүшесі;

4. Медеубаев Ж.Ж., Комплаенс бақылау қызметінің комплаенс бақылау жөніндегі бас менеджері - жұмыс тобының мүшесі;

5. Сейтенов А.А., Комплаенс бақылау қызметінің талдаушысы - жұмыс тобының мүшесі.

2.3. Талдау 22.02.2023 ж. 20.03.2023 ж. аралығы кезеңінде жүргізілді, жұмыс тобының мүшелеріне ақпаратты жинау мен дайындауды Комплаенс бақылау қызметінің комплаенс талдаушысы А. А. Сейтенов жүзеге асырды.

2.4. Талдауда негізгі міндеті Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық сервисті дамыту қызметін іске асыру болып табылатын Орталық аппараттың Активтерді басқару және коммерциялық сервис департаментінің (бұдан әрі – Департамент) және Мемлекеттік корпорация филиалдарындағы бақылаудағы Басқармалардың қызметі қамтылды.

2.5. Талдау Құқықтық қамтамасыз ету департаменті, Ішкі қауіпсіздік департаменті, Кадрлық әкімшілендіру департаменті, Ішкі аудит қызметі ұсынған деректердің негізінде, сондай-ақ «e-Sauda» Сауда платформасы («e-Sauda» ЖШС) ұсынған деректердің негізінде жүргізілді.

## **3. Сипаттама бөлімі**

3.1. Осы талдау келесі бағыттар бойынша мәліметтерді жинау және жинақтау барысында құрылымдық бөлімшелерден алынған ақпарат негізінде жүргізілді:



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

1) Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық сервистері мен коммерциялық активтерін басқару саласының қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар;

2) бұрын мемлекеттік органдар жүргізген, оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жүргізілген тексерулердің нәтижелері;

3) Мемлекеттік корпорацияның Ішкі аудит қызметінің аудиторлық тексерулерінің нәтижелері;

4) Мемлекеттік корпорацияның Активтерді басқару және коммерциялық сервис департаментінің жұмыскерлеріне қолданылған тәртіптік жазалар туралы мәліметтер;

5) Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық сервистері мен коммерциялық активтерін басқару саласындағы Мемлекеттік корпорация туралы жағымсыз мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялау;

6) Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық сервистері мен коммерциялық активтерін басқару саласындағы бұзушылықтар фактілері бойынша өтініштер;

7) жұмыскерлердің сұхбаты;

8) сот органдарының шешімдері.

3.2. Коммерциялық қызметтер көрсету және активтерді сату саласында сыбайлас жемқорлық жоғары бүркемелену деңгейімен ерекшеленеді, оны анықтау және жолын кесу өте қиын. Осыған байланысты, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың мәні ішкі нормативтік құжаттар, талдамалық, статистикалық деректер және ақпараттық сервистердің деректері болып табылады.

3.3. Ішкі нормативтік құжаттарды талдау барысында келесі ІНҚ-ларда сәйкессіздіктер анықталған жоқ:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарының өзара іс-қимыл регламенті - жер кадастры желісі бойынша коммерциялық қызметтерді орындау кезінде, КЕАҚ Р 01-13-17-19, 2019 жылғы 18 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының табиғи монополия субъектісінің қызметіне қосылуға өтініштерді қабылдау және нәтижесін беру регламенті, КЕАҚ 01-13-12-18, 2019 жылғы 26 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді;

3) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының объектілерін мүліктік жалдауға беру» процесінің картасы, КЕАҚ ПК 01-13-60-19;

4) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма аппаратының Активтерді басқару және коммерциялық сервис департаменті туралы ереже, КЕАҚ ҚБЕ 01-17-01-22;

5) Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратының Активтерді басқару және коммерциялық сервис департаменті жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.



3.4. Мемлекеттік корпорацияның ішкі нормативтік құжаттары, олар бойынша ескертулер бар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының активтерін сату қағидалары, КЕАҚ Қ 01-13-04-22, 2022 жылғы 08 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді.

- 5.5-тармақтың 5.5.2) тармақшасының екінші абзацы - «аукционның үшінші және одан кейінгі сауда-саттықтарына сату объектісі ең төменгі бағаны белгілей отырып, бағаны төмендету әдісі (голландиялық әдіс) қолданылып қойылады» - Мемлекеттік корпорация мүддесінде, сондай-ақ нақты материалдық кіріс алуда мүмкін болатын ең жоғары сату сомасын ескере отырып, осы тармақты қайта қарау;

- «аукциондық құжаттама» ұғымы және аукциондық құжаттамаға кіретін құжаттардың тізбесі жоқ.

*Бағаны көтеру аукционы:*

- 1-тармақ келесі редакцияда жазылсын – «Егер аукцион залында аукцион басталғаннан бастап алпыс минут ішінде қатысушылардың ешқайсысы осы Қағидалардың тармағына сәйкес белгіленген қадамға сату объектісінің бастапқы бағасын ұлғайту жолымен сату объектісін сатып алуға өзінің ниетін растамаса, онда осы сату объектісі бойынша аукцион өткізілмеген деп танылады».

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мүлкін мүліктік жалдауға беру қағидалары, КЕАҚ Қ 01-13-26-18, 2019 жылғы 16 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді (өзгерістермен және толықтырулармен).

- жоғарыда көрсетілген Қағидаларда әлеуетті қатысушылардан өтінімдерді қағаз жеткізгіште қабылдау форматында тендерлер өткізу көзделген, бұл сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді іске асыруға әкелуі мүмкін;

- тендерді қағаз форматта алып тастау мүмкін болмаған жағдайда, қағаз және электрондық тендерді айқындау шарттарын нақты регламенттеуді көздеу;

- 5.5.10-тармаққа Қағидаларда сипатталған жағдайлар басталған кезде ең аз қысқа мерзімде қайтарылуы тиіс, әлеуетті қатысушы енгізген аукционға қатысуға кепілдік жарнаны қайтару мерзімдерін қысқарту бойынша өзгерістер енгізу;

- Активтерді мүліктік жалдауға беру процесіне байланысты құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына жалдау шарттарының орындалуын тиісінше бақыламағаны үшін құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің жауапкершілігі бойынша толықтырулар енгізу, бұл жалға алушылар тарапынан жалдау төлемдерін уақытылы төлеу бөлігінде жүйелі бұзушылықтарға алып келеді;

- № 8 қосымшада Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен (№01-01-02/10 хаттама) бекітілген Тиісті сақтық және контрагенттерді кешенді тексеру саясатына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың 6-бөлімін өзгерту;

- Қағидалардың 5.7.6-тармағында қайшылықтар бар: «Өткізілетін/өткізілген тендерде (лотта) тендердің (лоттың) қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтар



анықталған жағдайда, тендерді ұйымдастырушы немесе тендерлік комиссия шарт жасасу сәтіне дейін тендердің (лоттың) немесе оның қорытындыларының күшін жоюға міндетті. Бұл ретте, тендер (лот) немесе оның қорытындылары қайта қаралуы тиіс.», атап айтқанда: Қағидалар нормасының құрылымдық элементтері бір-біріне қайшы келеді. Тармақтың бірінші бөлімінде бұзушылықтар болған жағдайда, тендердің өткізілмейтіні көрсетілген. Тармақтың екінші бөлімінде бір-біріне қайшы келетін қорытындыларды қайта қарау туралы көрсетілген. Осыған байланысты, «қайта қаралды» деген сөзді «өткізілмейді» деген сөзбен ауыстыру қажет;

- Қағидаларда тендердің күшін жою үшін негіздемелердің тізбесі көзделмеген, бұл тендердің заңды негіздерсіз қасақана күшін жоюға ықпал етуі мүмкін, осылайша тендерді ұйымдастырушыларға тым кең өкілеттіктер берілген;
- Қағидаларда жалға беру үшін басым/қажетті алаңдардың тізбесі көзделмеген.

3.5. Осылайша, Департаменттің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау Мемлекеттік корпорацияның активтерін сату мен мүлкін мүліктік жалдауға берудің аукциондарға/тендерлерге қатысушылар тарапынан негізделген шағымдарға, сондай-ақ аукциондарды/тендерлерді олардың қатысушыларымен өткізуге жауапты тұлғаның олармен сөз байласуы бөлігінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін белгілі бір кемшіліктері бар екенін көрсетті.

#### **4. Ақпараттық-талдамалық бөлім**

4.1. Талданып отырған кезеңде Мемлекеттік корпорация жалпы сомасы 188 065 495 теңгеге Мемлекеттік корпорация объектілерін мүліктік жалдауға беру бойынша 1832 тендер өткізді (облыстар бойынша бөлу – 1-кесте), оның ішінде 146 тендер немесе өткізілген тендерлердің 7,97%-ы өтті. Бұл ретте, өткен тендерлер бойынша бастапқы құны 16 394 595 теңгені құрады, мүлікті жалға берудің нақты құны 58 005 041 теңгені құрады немесе бастапқы құнынан 74,74% - ға асып түсті. Алаңдардың мақсаты мен өткізілген тендерлердің саны 2-кестеде көрсетілген.

146 тендерден 72 компания мен ЖК жеңімпаз деп танылды.

Талдау барысында компаниялар мен ЖК Департамент жұмыскерлерімен аффилиирленгендігіне тексерілді. Тексеру нәтижелері бойынша қолда бар байланыс тәсілдері белгіленбеген.

Сондай-ақ жалға алушылардың аудиторлық есептерге сәйкес ай сайынғы жалдау төлемдерін төлеу бойынша шарттық міндеттемелерді орындамауының көптеген фактілері бар. Бұл ретте, филиалдар жалға алушыларға айыппұл санкцияларын қолдану және сотқа дейінгі және сот тәртібімен тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) өндіріп алу бойынша жұмысты толық көлемде жүргізбейді.

Сонымен бірге талдау үшін Департамент қайта өткізілген тендерлер бөлігінде бөлінген тендерлер бойынша деректерді ұсынбағанын, осылайша қайта



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

өткізілген тендерлерді есепке алмай, «e-Sauda» жүйесі сауда платформасынан алынған деректерге сүйене отырып талдау жүргізілгенін атап өткен жөн.

4.2. Талданатын кезеңде де Департамент жүргізген Мемлекеттік корпорацияның мүлкін сату бойынша аукциондарға талдау жүргізілді. «E-Sauda» сауда платформасы ұсынған деректерге сәйкес, Мемлекеттік корпорация 637 аукцион өткізді, оның ішінде 164 аукцион немесе 25,71% өтті, мүлікті өткізудің жалпы сомасы 6 507 663 530,60 теңгені құрады, оның ішінде мүлік 304 175 050 теңге сомасына немесе 4,67% сатылды (3-кесте). Сатылатын активтердің түрлері және олардың саны 4-кестеде көрсетілген.

Талдау барысында аталған компаниялар мен ЖК Департамент жұмыскерлерімен аффилиирленгендігіне тексерілді. Тексерудің нәтижелері бойынша қолда бар байланыс тәсілдері белгіленбеген.

Сонымен қатар 164 аукционның 75-і немесе 45,73% - ы бойынша мүлік құны төмендеуімен сатылды (голланд әдісі). Мүліктің бастапқы құны 163 111 583,31 теңгені құрады, мүлік жалпы сомасы 88 253 159 теңгеге немесе бастапқы құнынан 54,11% - ға аз сатылды.

*Мысалы, сатудың ең төмен құны немесе бастапқы құнының 5% - ы Ақмола облысында автомашиналарды сату болды. Осылайша, 2005 жылы шығарылған УАЗ автокөлігінің бастапқы құны 537 513 теңгені құрады, 26 869 теңгеге сатылды, сондай-ақ 2007 жылы шығарылған ВАЗ автокөлігі, бастапқы құны 640 144 теңгені құрады, 32 011 теңгеге сатылды.*

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қағидаларда Мемлекеттік корпорация мүддесінде, сондай-ақ нақты материалдық табыс алуда мүмкін болатын ең жоғары сату сомасын ескере отырып, автокөлік құралдарын сату мүмкіндігін қарастыру қажет;

Сондай-ақ өткізілген өзге 37 аукцион бойынша өткізу сомасы бастапқы құнының 10-нан 49% - на дейін ғана құрады, 36 аукцион бойынша өткізілген мүліктің құны бастапқы құнының 50% - дан астамын құрайды (5-кесте).

Сонымен бірге 83 аукцион бойынша жеңімпаздар көрсетілмегенін, сондай-ақ өткізілген аукциондардың (ағылшын немесе голланд) тәсілдері туралы мәліметтер жоқ екенін, Департаменттің тиісті сұрау салуына да мәліметтер берілмегенін, тиісінше Департамент өткізілген аукциондар туралы тиісті есеп жүргізбейтінін, осыған байланысты, талдауды дұрыс жүргізу мүмкіндігі жоқ екенін атап өтеміз.

Сонымен қатар талдау барысында «e-Sauda» платформасын аукциондарды мерзімінен бұрын жабу, сондай-ақ мүлікті сату бойынша өткізілетін аукциондар мен тендерлер туралы хабарландыруларды уақытылы орналастырмау мақсатында пайдалану мүмкіндігі туралы мәселе қаралды.

Талдау барысында Активтерді басқару және коммерциялық қызмет департаментінің бас менеджерімен жүргізілген сұхбатқа сәйкес, хабарландыру жарияланғаннан кейін белгіленген 10 күн мерзімді бұзу мүмкін емес екені



байқалды, себебі платформа хабарландыруды автоматты түрде қабылдамайды. Хабарландыруды жариялау және сол күні аукционға қатысуға өтінімдерді қабылдаудың аяқталғанын жариялау мүмкін емес, себебі платформа мұндай жарияланымды қабылдамайды. Хабарландыру жарияланған кезде хабарландырудың платформада кемінде 10 күн болу мерзімі белгіленеді.

«E-Sauda» платформасына қатысуға өтінімдерді қабылдаудың аяқталуы туралы күндермен тендерлер мен аукциондар өткізу туралы хабарландыруларды жариялау күндері бойынша «e-Sauda» ЖШС ұсынған деректердің талдауы тендерлер мен аукциондарды өткізу туралы хабарландыруларды жариялау әлеуетті сатып алушылардан қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін 10 күн бұрын Мемлекеттік корпорация активтерін өткізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылатынын көрсетті.

4.3. 2022 жыл кезеңінде Мемлекеттік корпорация филиалдарының жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар бойынша сатып алуларға қатысуы бойынша ұсынылған мәліметтерді талдау мыналарды көрсетеді.

2022 жыл кезеңінде Мемлекеттік корпорация жер кадастры саласында жалпы сомасы 12 228 373 935, 2 теңгеге 272 667 қызмет көрсетті, бұл жер кадастры саласында көрсетілген қызметтердің жалпы санының 62% - ы, мұнда нарық үлесі 38% құрайды (6-кесте).

Жерге орналастыру жобаларын әзірлеу, жергілікті жердегі жер учаскелерінің шекараларын белгілеу, ЖТ және ЗТ жер учаскелерінің көлденең және биіктік (топографиялық) түсірілімі бойынша 167 023 қызмет көрсетілді, жобаланатын жер учаскесін ЖТ және ЗТ мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректерімен келісу бойынша 105 644 қызмет көрсетілді.

Жер кадастры саласында қызметтер көрсету бойынша орташа республикалық көрсеткіштен төмен деңгей - Ақмола (61 %), Ақтөбе (61 %), Алматы (55 %), БҚО (55 %), Қарағанды (57 %), Павлодар (56 %), Түркістан облыстары (57 %), Алматы қаласы (52 %), Шымкент қ. (51 %) бойынша филиалдарда (8-кесте).

Бір көзден шарттар жасасу көрсеткіштері есебінен қалыптасқан жер кадастры саласында қызметтер көрсетудің жалпы оң нәтижелері кезінде «Самұрық-Қазына» және «Мемлекеттік сатып алу» порталдарындағы филиалдардың көпшілігі ашық конкурсқа және баға ұсыныстарын сұратуға (бұдан әрі - Конкурстар) қатысу бойынша жұмыс сәтсіз аяқталды.

2022 жылғы кірістер жоспары ҚЭД мәліметтері бойынша Конкурстарға арналған 8 596 861 485 теңгені құрады, жасалған шарттардың нақты сомасы 1 812 981 443 теңге немесе жоспарланған соманың 21,1 % құрады. Жарияланған Конкурстар бойынша Мемлекеттік корпорацияның қатыспауы 731 267 754,6 теңгені немесе 8,5% құрады. (7-кесте).

«Самұрық-Қазына» порталындағы Конкурстар бойынша Мемлекеттік корпорацияның орташа шығын көрсеткіші 42,2% немесе 179 221 127, 8 теңгені құрайды, мұнда БҚО (-100 %), Жамбыл (-99,3 %), Түркістан (-90,2 %), Павлодар





облыстары (-91,6%) және Шымкент қ. (-99,6 %) бойынша филиалдар теріс көшбасшылар болып табылады.

«Мемлекеттік сатып алу» порталындағы Конкурстар бойынша Мемлекеттік корпорацияның орташа шығын көрсеткіші 49,3% немесе 1 080 781 816, 6 теңгені құрайды, мұнда Конкурстар бойынша ұтыстың ең жоғары сомасы ескеріле отырып, Алматы қаласы (91,3 %), Қызылорда (70,8 %), Астана қаласы (64,4 %), Түркістан облысы (69%) бойынша филиалдар теріс көшбасшылар болып табылады (6-кесте).

Порталдарда бір көзден жасалған шарттардың нақты сомасы 2 645 378 373, 8 теңгені құрады, порталдарда жарияланған сома 2 963 337 771 теңгені құрады, Мемлекеттік корпорацияның қатыспауы порталдарда жарияланған соманың 392 543 231,3 теңгесін немесе 14,8% құрады (9-кесте).

«Самұрық-Қазына» порталында бір көзден жасалған шарттар бойынша Мемлекеттік корпорацияның орташа шығын көрсеткіші 1,4% немесе 22 948 411,2 теңгені құрайды, онда теріс көшбасшы болып табылатындар - Ақмола облысы (1,68 %), ШҚО (3,62 %), БҚО (15,77 %) бойынша филиалдар.

«Мемлекеттік сатып алу» порталында бір көзден жасалған шарттар бойынша Мемлекеттік корпорацияның орташа шығын көрсеткіші 11,97% немесе 293 753, 1 теңгені құрайды, онда Жамбыл облысы бойынша филиал оң көшбасшы болып табылады (9-кесте).

Нәтижесінде Ақтөбе (97 %), Жамбыл (98 %), БҚО (93 %) және Қызылорда облысы (79%) бойынша филиалдар 2022 жылғы кірістер жоспарын орындаудың белгіленген көрсеткішіне қол жеткізген жоқ (9-кесте).

Жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар жөніндегі функцияларға байланысты Мемлекеттік корпорация филиалдарының жұмыскерлерінде мүдделер қақтығысы анықталды. Кейбір жұмыскерлердің аталған жұмыс түрлерімен айналысатын жақын туыстары бар (осылайша Мемлекеттік корпорацияның бәсекелестігін тудырады), олар бәсекелестік емес деген қағиданы бұзады.

Сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық қызметтен түскен пайдасын жоғалту және жер кадастры жұмыскерлері тарапынан мүдделер қақтығысы тұрғысынан тәуекелдер анықталады, олар сатып алуға қатысудың есептелген ең төменгі сомасын бере алады, себебі жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар бойынша қызмет көрсетуге қатысты қандай да бір конкурсқа қатысу үшін мұндай жұмыстардың құны бойынша сметаларды филиалдардың Жер кадастры басқармаларының жұмыскерлері жасайды және кейіннен конкурсқа қатысу үшін филиалдардың коммерциялық сервисінің жұмыскерлеріне беріледі.

Сондай-ақ бұрын Мемлекеттік корпорациямен еңбек қатынастарында болған және қазіргі уақытта жер қатынастары саласында жеке коммерциялық қызметпен айналысатын жер кадастры желісі бойынша жұмыскерлердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 26.01.2016 жылғы № 87 бұйрығы негізінде жер-кадастрлық жұмыстар бойынша сатып алуға Мемлекеттік корпорацияның қатысу сомасын есептеудің тиісті дағдысы бар (3-қосымша), яғни



Бұйрыққа ашық қол жеткізу жолымен Мемлекеттік корпорацияның белгілі бір сатып алуларға қатысуының орташа сомасын есептеуге мүмкіндігі бар.

2022 жылы жер кадастры бойынша жүргізілген талдауды іріктеп бақылау нәтижесінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен мынадай байланыстары орнатылды:

➤ Филиал директорының орынбасары «XXX» ЖШС-мен тікелей аффилиирленген, себебі оның ұлы басшы әрі құрылтайшы болып табылады. Қызмет түрі: Жерге орналастыру. Мемлекеттік сатып алуларға қатысқан жоқ.

➤ Филиал директорының орынбасары «XXX» ЖШС-мен үлестес, қызмет түрі: Жерге орналастыру. «XXX» ЖШС-нің бұрынғы құрылтайшылары 2014 жыл мен 2017 жыл аралығы кезеңінде туған әпкелері болды. Сондай-ақ «XXX» ЖШС тіркеу деректерінде көрсетілген пошталық мекенжай мен ұялы телефон Филиал директорының орынбасарының анасы болып табылатын ЖК тіркеу деректерінде де көрсетілген. «XXX» ЖШС 2021-2022 жылдар кезеңінде жер-кадастрлық және жерге орналастыру жұмыстары бойынша 6-дан астам мемлекеттік сатып алуда жеңімпаз деп танылған. Мысалы, «XXX» ЖШС мемлекеттік сатып алу бойынша 7 000 000 теңге сомасымен жеңімпаз деп танылған, бұл ретте филиал сомасы - 19 000 000 теңге.

➤ Филиал директорының орынбасары «XXX» ЖШС-мен тікелей аффилиирленген, себебі оның жұбайы басшы және құрылтайшы болып табылады. Қызмет түрі: Жерге орналастыру, «XXX» ЖШС 2022 жылғы маусымнан тамызға дейін бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 60 000 000 теңгеден астам мемлекеттік сатып алу туралы 4 шарт жасасты.

➤ Филиалдың Тіркеу және жер кадастры бөлімінің маман-жерге орналастырушысы «XXX» ЖШС құрылтайшысының әкесі болып табылады. ЖШС басшысы Қызмет түрі: Жерге орналастыру. «XXX» ЖШС 195 000 теңге сомасымен мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылды, бұл ретте филиал сомасы 200 000 теңгені құрады.

➤ Филиалдың Халыққа қызмет көрсету бөлімінің маманы ЖК-нің туған әпкесі болып табылады. Қызмет түрі: мал шаруашылығына ықпал ететін қызмет, ЖК 115 000 теңге сомасымен мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылды, бұл ретте филиал сомасы 119 700 теңгені құрады. ЖК үшінші қатысушысының сомасы (қызмет түрі - жерге орналастыру) 120 000 теңгені құрады.

➤ Филиалдың Тіркеу және жер кадастры бөлімінің маманы ЖК-нің туған әпкесі болып табылады, қызмет түрі: жерге орналастыру, ЖК 33 000 теңге сомасымен мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылды, бұл ретте филиал сомасы 44 640, 16 теңгені құрады. «XXX» ЖШС сомасы 39 000 теңгені, ЖК 2 сомасы 40 000 теңгені құрады. Бұл ретте, «XXX» ЖШС-нің бұрынғы басшысы және құрылтайшысы филиалдың Жер кадастры басқармасының жетекші сарапшысы болды.

➤ Филиалдың Тіркеу және жер кадастры бөлімінің бас маманы «XXX» ЖШС директорының әкесі болып табылады, қызмет түрі: Жерге орналастыру. «XXX» ЖШС 399 990 теңге сомасымен мемлекеттік сатып алуға қатысқан,



«XXX2» ЖШС жеңімпазы 382 900 теңге сомасымен, филиал сомасы - 491 723, 48 теңге.

➤ Филиалдың Тіркеу және жер кадастры бөлімінің жерге орналастыру маманы «XXX» ЖШС-не аффилиирленген болып табылады, ЖШС тіркеу деректерінде және Тіркеу бөлімі маманының деректерінде бірдей ұялы телефон (7-702-xxxxxxx) көрсетілген. Қызмет түрі: басқа ірі қара мен буйволдар өсіру. «XXX» ЖШС мемлекеттік сатып алу бойынша 794 000 теңге сомасымен жеңімпаз деп танылған, бұл ретте филиал сомасы 1 000 000 теңгені құрады.

➤ Филиалдың Халыққа қызмет көрсету бөлімінің басшысы «XXX» ЖШС директорының жұбайы болып табылады, қызмет түрі: Бөлім басшысының үй мекенжайы бойынша тіркелген тұқым шаруашылығын қоса алғанда, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру. 2018 жылғы 14 желтоқсан мен 2023 жылғы 22 ақпан аралығы кезеңінде «XXX» ЖШС құрылтайшысы және басшысы жеке тұлға болды, ол да ЖК басшысы болды, қызмет түрі: Жерге орналастыру, ЖК 230 000 теңге сомасымен мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылды, филиал сомасы - 304 609 теңге.

➤ Филиалдың Тіркеу және жер кадастры бөлімінің жерге орналастыру маманы «XXX» ЖШС-нің үлестес тұлғасы болып табылады, қызмет түрі: жерге орналастыру, ЖШС 1 898 999 теңге сомасымен мемлекеттік сатып алу бойынша жеңімпаз деп танылған, бұл ретте филиал сомасы 3 200 000 теңгені құрады. «XXX» ЖШС директоры бұрын «XXX2» ЖШС директоры болған, қызмет түрі: тұқым шаруашылығын қоса алғанда, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру, мұнда «XXX2» ЖШС бұрынғы басшысы жерге орналастыру маманының жұбайы болып табылады.

Осылайша, талдау алаяқтық/сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар екендігін көрсетеді, себебі филиалдардың Жер кадастры басқармалары мен бөлімдерінің жұмыскерлері конкурстарға кейіннен қатысу үшін Мемлекеттік корпорацияға сметаларды жасау бойынша тікелей қатысады, тиісінше өздері немесе үшінші тұлғалар үшін пайда табу мақсатында осындай деректерді өздерінің байланысты тараптарына беру жөніндегі өз ережелерін пайдалану мүмкіндігіне ие.

4.4. Талдауда ішкі аудиторлық тексерулердің атап айтқанда 2019 жыл мен 2022 жыл аралығы кезеңі үшін тексерулердің қорытындылары бойынша анықталған кемшіліктер де қамтылды, олардың барысында жақсартуды талап ететін кемшіліктер сипатталды.

Мәселен, Мемлекеттік корпорацияның Астана қаласы бойынша филиалының активтерін сатуда коммерциялық қызметтер көрсету процесінің аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есепте келесі тәуекелдер анықталған:

1) жекелеген заңды және жеке тұлғаларға артықшылық берумен және оларға адал көзқараспен байланысты сыбайлас жемқорлық бағытында;

2) жалдаушылардың берешектерін филиал бюджетіне уақытылы қайтармау, қайтармау және / немесе толық қайтармау;

3) филиал жұмыскерлерінің орналасуы үшін ғимаратты жалға алу бойынша негізсіз шығындар.



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

*Мысалы, филиалда жекелеген заңды және жеке тұлғаларға деген адал көзқарас байқалады. Мәселен, ЖК-нің 2020 жылға 8 млн. теңгеден астам сомаға берешегі болған кезде филиал ЖК-мен жалдау шарты жасалды. Аудит жүргізу кезінде - 2022 жылғы маусым - шарт бойынша берешек сомасы 16 млн. теңгеден асты, содан кейін шарт бұзылған (басқа да осындай жағдайлар бар).*

Сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның Алматы қ. бойынша филиалының активтерін сатуда коммерциялық қызметтер көрсету процесінің аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есеппен келесі тәуекелдер анықталды:

- 1) мүліктік жалдаудан түсетін кірістердің азаюы;
- 2) Сыбайлас жемқорлық бағытындағы тәуекелдердің іске асырылуы;
- 3) мүліктік жалдаудан кірістің алынбауы;
- 4) дебиторлық берешектің ұлғаюы;
- 5) сот талқылаулары.

*Мысалы, филиалда жалға алушылардың мүліктік жалдау шарттарының талаптары мен шарттарын сақтамауы, алаңды заңсыз иеленуі және пайдалануы байқалады, атап айтқанда: Алматы қаласы Р. Зорге көшесі, 9 мекенжайы бойынша орналасқан ғимараттың екінші қабатында кемінде 200 шаршы метр аумақты анықталмаған ұйымның заңсыз иеленуі. 6 адамнан тұратын белгісіз тұлғалар (басшысы «Абзал» есімді ер адам) өздерін «Бақытты отбасы» орталығының жұмыскерлері ретінде таныстырды. Алып жатқан орынжайларда жиһаз және компьютерлік техника орнатылған, бұл ретте филиал ғимаратындағы алаңды иеленуге құқықтық құжаттары жоқ. 2019-2022 жылдар аралығы кезеңінде орынжайдың ауданын пайдаланғаны үшін ай сайынғы жалдау ақысы алынбаған, бұл шамамен 60 млн.теңге кірісті жоғалту қаупіне әкелді.*

Бұл бұзушылықтар өздері немесе үшінші тұлғалар үшін пайда алу мақсатында, алаңдарды өтеусіз негізде беру бойынша үшінші тұлғаларға қамқоршылық көрсету бөлігінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді де көрсетеді.

4.5. Мемлекеттік корпорацияның Ішкі қауіпсіздік департаменті 2023 жылғы 23-28 қаңтар аралығы кезеңінде Мемлекеттік корпорацияның мүлкін өткізу бойынша аукциондар өткізу кезінде Департаменттің қызметіне сыбайлас жемқорлық және алаяқтық факторлардың болуына тексеру жүргізді.

Тексеру барысында 2022 жылы Мемлекеттік корпорация 30 автомобиль және 5 жылжымайтын мүлік объектісін сатқаны анықталды.

Сатылған 30 автомобильдің 19-ы айтарлықтай төмен бағамен сатылған (бағалау құнынан 3-тен 20 есеге дейін төмен).

Сонымен қатар төмен бағаға қарамастан, аукционға тек 2 әлеуетті сатып алушы (сирек 3) қатысатыны атап өтіледі, бұл аукцион жеңімпаздарының Департамент жұмыскерлерімен үлестес екендігін көрсетуі мүмкін.



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

Талдау барысында Департамент жұмыскерлерінің аукциондарға қатысқан тұлғалармен үлестес болу фактілері өз растауын таппады. Сондай-ақ автокөлік құралдары мен өзге де мүлікті төмен құны бойынша өткізу бағалау құны бойынша осындай активтерді сатып алғысы келетіндердің болмауына байланысты болады, бұл портал деректерімен расталады және Мемлекеттік корпорация активтерін сату қағидаларына қайшы келмейді.

4.6. 2021-2022 жылдар кезеңінде филиалдардың Коммерциялық сервистер басқармаларының жұмыскерлері тәртіптік жауапкершілікке 13 рет, 2021 жылы – 11 рет, 2022 жылы – 2 рет тартылған. Филиалдары бойынша бөліністе: Алматы қ. – 3, Атырау – 1, Павлодар – 3, СҚО – 2, Ақмола – 1, Қостанай – 1, Ақтөбе – 1, Жамбыл – 1. Басқарманың 8 басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Түрлері бойынша: қатаң сөгіс – 1, сөгіс – 3, ескерту - 9.

*Ең жарқын мысалға Мемлекеттік корпорация филиалының Коммерциялық сервис басқармасының басшысы басшылықтың тапсырмаларын тиісінше бақыламағаны және сапасыз орындағаны, сондай-ақ Департаментке іске асыруға жататын филиал активтері бойынша мерзімін бұза отырып сапасыз баға бергені үшін ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылған жағдайды жатқызуға болады.*

Бұл бұзушылық сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігін жанама түрде көрсетуі мүмкін, себебі сатылатын мүліктің сапасыз бағалануы Мемлекеттік корпорацияға зиян келтіруі мүмкін, сондай-ақ мүлікті бастапқыда төмендетілген бағалау құны бойынша сату арқылы өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында туындауы мүмкін.

4.7. 2021-2022 жылдар кезеңінде Мемлекеттік корпорация және оның коммерциялық сервис және коммерциялық активтер бөлігіндегі филиалдары 11 сот талқылауының қатысушылары болды.

2021 жылы - 3 рет, 2022 жылы – 8 рет. Бөліністе: Мемлекеттік корпорация - 2, Астана – 5, Қостанай – 1, Ақтөбе – 1, Жамбыл – 1, Қызылорда - 1.

Мемлекеттік корпорацияның талап арыздарының қанағаттандырылғаны (ішінара) – 4, талап арыздарды қанағаттандырудан бас тартылғаны – 4, бітімгершілік келісім жасалғаны – 3.

Сот талқылауының мәні:

1. Мемлекеттік корпорация орынжайларын жалға алушылардан дебиторлық берешек (тұрақсыздық айыбы) сомаларын өндіріп алу - 7 талап-араз;

2. Тұрғын емес орынжайларды босату және мүлікті талап ету міндеттемесі туралы мүліктік жалдау шартын біржақты тәртіппен және созу арқылы бұзуды жарамсыз деп тану - 4 талап-арыз.

Көптеген сот процестерінде даулар жалға алушылардың орынжайларды жалға алу ақысын уақытылы төлемеуінен туындайды.

4.8. Комплаенс бақылау қызметі «E-Sauda» ЖШС-ға қоса берілген кестеге, күнге, уақытқа, сондай-ақ аукциондар мен тендерлерді жариялау кезінде



жүктелген құжаттарға сәйкес 2021-2022 жылдар кезеңінде өткізілген тендерлер мен аукциондар бойынша мәліметтерді ұсыну туралы екі сұраным жолдаған. Жауап ретінде «e-Sauda» ЖШС толық емес ақпарат жолдаған және аукциондар мен тендерлерді жариялау кезінде сұратылған деректерді ұсынудың мүмкін еместігі туралы ауызша түсіндірмелер бере отырып, құжаттарды жүктеу уақыты бойынша мәліметтерді ұсынбаған.

4.9. Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық активтерін басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің келесі индикаторлары анықталды:

**Ішкі нормативтік құжаттарда және лауазымдық нұсқаулықтарда:**

- 1) аукцион/тендердің күшін жою кезінде Мемлекеттік корпорацияның жауапты тұлғаларының шешімдер қабылдауының толық негіздемелері мен тәртібінің болмауы;
- 2) өткізу кезінде тендерге қойылған тауардың белгілі бір ең төменгі құнының болмауы;
- 3) аукционға қатысу үшін ең аз мерзімдер;
- 4) бюрократиялық кедергілерді белгілей отырып, әлеуетті қатысушыға тендерге/аукционға қатысуды қамтамасыз етуді қайтарудың негізсіз ұлғайтылған мерзімдері (қайтаруға өтінім);
- 5) аукциондар өткізу бөлігінде ІНҚ-ны регламенттеудің жеткіліксіздігі;
- 6) тендерлер мен аукциондарды қағаз форматта өткізу мүмкіндігі;
- 7) құрылымдық бөлімшелер жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау бойынша белгіленген жауапкершіліктің болмауы;
- 8) ішкі нормативтік құжаттардың уақытылы өзектендірілмеуі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерту/талап);
- 9) ішкі нормативтік құжаттардағы нормалардың қайшылықтары.

**Операциялық қызметте:**

- 1) жер кадастры желісі бойынша Мемлекеттік корпорацияның қатысуымен Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің жақын туыстарымен, жекжаттарымен, жұбайымен/зайыбымен және өзге де байланысты тұлғалармен мүдделер қақтығысы фактілері;
- 2) «e-Sauda» платформасында тиісті есептерді жасау бөлігінде орынжайларды мүліктік жалдауға беру және активтерді сату кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің, хабарландырулардың жарияланған күні мен уақыты, қажетті құжаттаманы енгізу туралы деректердің тиісінше жұмыс істемеуі;
- 3) құжаттарды дайындауға және жер-кадастрлық жұмыстар бойынша сатып алуға қатысуға тартылған жауапты тұлғалар үшін қабылданатын басқарушылық шешімді уәждеу міндетінің болмауы.

4.10. Талданатын кезеңде Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық сервистерін және коммерциялық активтерін басқару саласындағы қызметі



бойынша бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде теріс жарияланымдар жоқ. Талданатын кезеңде Мемлекеттік корпорацияның коммерциялық сервистерін және коммерциялық активтерін басқару саласындағы бұзушылықтар фактілері бойынша өтініштер түскен жоқ.

## **5. Қорытынды**

5.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Департамент қызметінің нормативтік тұрғыдан тиісті регламенттелмегенін көрсетті, ол арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін митигациялау жүзеге асырылуы мүмкін.

Коммерциялық сервисті және коммерциялық активтерді басқару жүйесінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерге ұшырайтын (тендерлер мен аукциондар өткізу, жер-орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар желісі бойынша сатып алуға қатысу) және орташа деңгейде жүзеге асырылатын ішкі нормативтік құжаттар бар.

Жер-орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар бойынша конкурстарға қатысу кезінде Мемлекеттік корпорацияның бәсекелестігін құрайтын заңды тұлғалармен және дара кәсіпкерлермен тікелей байланысты Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің көп болуы жалпы Мемлекеттік корпорация және осы саладағы ұйымдастыру-басқару жұмыстары жүйесі бойынша мүдделер қақтығыстарын болдырмау жөніндегі сапасыз жұмысты білдіреді.

5.2. Департаментте тендерлермен өткізілген және қайта өткізілген аукциондар бойынша «e-Sauda» платформасымен интеграцияланған бағдарламалық қамтылым (жеңімпаздар, сома, әдіс) жоқ, бұл Департаменттің өткізілген тендерлер мен аукциондар туралы тиісті есеп пен есептілікті жүргізбеуін білдіреді, бұл сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдерге ішкі талдау жүргізу сапасына айтарлықтай әсерін тигізеді. Голландиялық әдіс бойынша құнын төмендете отырып аукциондар өткізу кезінде Департамент сатқан мүліктің жартысына жуығы бастапқы бағаланған құнының 50% - нан аспайтын құны бойынша сатылды.

5.3. Мемлекеттік корпорацияның жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыстар бөлігінде қызметтер көрсету жөніндегі қызметі қанағаттанарлықсыз, жер кадастры саласында көрсетілген қызметтердің жалпы санының тек 62% - ы ғана көрсетілген, олардың негізгі үлесі бір көзден шарттар жасасу жолымен көрсетілген жұмыстарды құрайды. Мемлекеттік корпорацияның «Самұрық-Қазына» және «Мемлекеттік сатып алу» порталдарындағы конкурстарға қатысуы бойынша жалпы жарияланған соманы ескере отырып, жалпы шығынның пайызы 50% құрайды, бұл да жұмыстардың құнына қатысты құпия ақпараттың ықтимал жария болуын және оны таратпау жөніндегі жұмыстың, сондай-ақ бағаны төмендету икемділігінің жоқтығын көрсетеді. Белгілі бір филиалдар бойынша бұл бағыттағы жұмыс мүлдем сәтсіз аяқталған, бұл да Мемлекеттік корпорацияның жұмыскерлері мен бәсекелес заңды тұлғалар арасында жеке пайда табу мақсатында олармен тікелей туыстық байланыстармен тікелей байланысты емес



тұлғалар арқылы үлестестік пен қызығушылықтың болуын көрсетуі мүмкін. Мемлекеттік корпорация тек 21% орындаған Конкурстар бойынша кірістер жоспарын орындамау фактісі де осының жанама дәлелі болып табылады.

5.4. Талдау жүргізу барысында жерге орналастыру және жер-кадастрлық жұмыс түрлерімен айналысатын және сол арқылы Мемлекеттік корпорацияның бәсекелестігін тудыратын жақын туыстары бар, аталған жұмыстар жөніндегі функцияларға байланысты филиал жұмыскерлері арасындағы мүдделер қақтығысы мен үлестестігі расталды, бұл Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 29-бабында көрсетілген бәсекелестік туралы қағидатты бұзады.

Бұл ретте, жер кадастрының жұмыскерлері сатып алуға қатысудың есептелген ең төменгі сомасын жиі білетін және осы инсайдерлік ақпаратты жақын туыстарына немесе жер кадастры саласындағы жұмыстармен айналысатын және сатып алуға қатысатын компаниялары бар байланысты тұлғаларға бере алатын, сол арқылы сатып алу бойынша орындалатын жұмыстар көлемінен белгілі бір пайда алатын және және жосықсыз бәсекелестік туғызатын, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның әлеуетті коммерциялық табысынан айыратын коммерциялық қызметтен Мемлекеттік корпорацияның пайдасын жоғалту бөлігінде тәуекел айқындалды.

Сондай-ақ бұрын Мемлекеттік корпорациямен еңбек қатынастарында болған және қазіргі уақытта жер қатынастары саласында жеке коммерциялық қызметпен айналысатын жер кадастры желісі бойынша жұмыскерлердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығы негізінде жер-кадастрлық жұмыстар бойынша сатып алуға Мемлекеттік корпорацияның қатысу сомасын есептеудің тиісті дағдысы бар (3-қосымша), яғни Бұйрыққа ашық қол жеткізу жолымен Мемлекеттік корпорацияның белгілі бір сатып алуларға қатысуының орташа сомасын есептеуге мүмкіндігі бар.

5.5. Аудит барысында жұмыстарды бөлу кезінде қамқоршылық көрсету бөлігінде анықталған бұзушылықтар, сатылатын мүлікті бағалаудың сапасыз жүргізілуі, сондай-ақ алаңдарды үшінші тұлғаларға өтеусіз беру өздері немесе үшінші тұлғалар үшін пайда табумен байланысты сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдердің индикаторлары ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік активтер мен мүлікті тиімсіз басқару бөлігінде Мемлекеттік корпорацияға беделді тәуекелдерді енгізудің әлеуетті көзі болып табылады.

## **6. Анықталған тәуекелдер**

6.1. Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің өзіне немесе факторлары төмендегілер болып табылатын байланысты тараптарға пайда алу мақсатында, белгілі бір заңды және жеке тұлғалардың активтері мен коммерциялық сервистерін басқару желісі бойынша мүдделік қолдау тәуекелі:

- жалға алу шартынсыз жеке және заңды тұлғаларға пайдаланылмайтын алаңдарды беру бойынша тиісті бақылаудың болмауы;





- Мемлекеттік корпорацияның жауапты жұмыскерлерінің өзімшілдігі.

6.2. Жұмыскерлердің және факторлары төмендегілер болып табылатын үшінші тұлғалардың заңсыз пайда алу және алдын ала сөз байласу қаупі:

- Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің жақын туыстарында Мемлекеттік корпорациямен бәсекелес қызмет түрлерімен айналысатын компаниялардың болуы;

- сомаларды есептеудегі заңнамалық шектеулер және тарифтерді икемді қолдану мүмкіндігінің болмауы;

- Мемлекеттік корпорацияның сатып алуға қатысуы кезіндегі сомалар туралы инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға берілуі;

- жергілікті жердегі Басқармалардың қызметтің тиімділігін арттыруға және Мемлекеттік корпорацияның кірістерін ұлғайтуға мүдделілігінің жоқтығы;

- жұмыс көлемін тартуда ынталандырудың болмауы.

6.3. Ішкі нормативтік құжаттарда бизнес-процестерді тиісті регламенттеудің болмауы тәуекелі:

- бәсекелестік орта шеңберінде бизнес-процесті жүргізу үшін қажетті құзыреттердің болмауы.

6.4. Бәсекелестікті шектеу, оның факторлары:

- Мемлекеттік корпорацияның активтер мен мүлікті сату бөлігіндегі қызметін жария етуге бағытталған, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің белгілі бір түрлерін жүзеге асыру үшін жалға берілетін алаңдардың болуы туралы іс-шаралардың жеткіліксіз саны;

- мүлікті тәуелсіз бағалау құнына қатысты елеулі төмендетілген бағамен сату кезінде Мемлекеттік корпорацияның материалдық кірістерінің жоғалуы.

## **7. Ұсынымдар**

Мемлекеттік Корпорация Басқармасына:

1. Мемлекеттік корпорацияның жер кадастры бағыты бойынша шығындарын болдырмау мақсатында, жасалған шарттың сомасына байланысты Мемлекеттік корпорация атынан түрлі порталдарда сатып алуға қатысатын жұмыскерлерге ынталандыру төлем жасау мүмкіндігін қарастыру;

2. Мемлекеттік корпорация филиалдарының директорлары үшін «Самұрық-Қазына» холдингінің мемлекеттік сатып алу порталдарында сатып алу науқанына қатысу қорытындылары бойынша КРІ ең төменгі шекті көрсеткіштерін белгілеу;

3. Жалға алушылардың уақытылы жалдау және берешекті өндіріп алу шарттарын сақтауын мониторингілеу мен бірыңғай бақылау механизмін әзірлеу;

4. Кесімді-сыйлықақы төлемдері бойынша жұмыс көлемін бөлу процесін автоматтандыру туралы мәселені қарастыру немесе белгілі бір жұмыскерлердің мүдделерін қолдау мүмкіндігін болдырмайтын ішкі құжаттарды әзірлеу;

5. Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға және байланысты тараптарға бергені үшін жауапкершілік шараларын қатаңдата отырып, мемлекеттік



корпорацияның үшінші тұлғалар үшін қызметтерді жүзеге асыратын барлық жұмыскерлерімен бәсекелестік (NDA) туралы, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның сатып алуға қатысу сомалары туралы шарттарға қол қою тәжірибесін тарату;

6. БАҚ-та хабарландырулар мен әлеуметтік желілерде, оның ішінде Мемлекеттік корпорацияның аккаунттарында посттар жариялау арқылы Мемлекеттік корпорация активтерінің сатылуы туралы ақпаратты тұрақты негізде орналастыру;

7. Осы Анықтамада көрсетілген жоюға қойылған автокөлік құралын сату үлгісі бойынша мемлекет пен Мемлекеттік корпорацияның мүдделерін ескере отырып, Активтерді өткізу қағидаларына (ең төменгі бағаны айқындау әдістемесі, мысалы, белгілі бір тауарларға, коммерциялық, коммерциялық емес жылжымайтын мүлікке бөле отырып) тауарларға, объектілерге ең төмен бағаны белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізу;

8. Мемлекеттік корпорация мүлкін мүліктік жалдауға беру жөніндегі тендерлерді өткізу процесін электрондық коммерциялық платформаларда тек электрондық түрде жүзеге асыру;

9. Сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді митигациялау мақсатында, әлеуетті қатысушылардың қағаз жеткізгіштегі тиісті тендерге қатысуға өтінімдерін қабылдауды және қағаз жеткізгіштермен кейінгі тендерлік рәсімдерді жүзеге асыруды ІНҚ-да де көрсете отырып, ерекше жағдайларда жүргізу;

10. Мемлекеттік сатып алу порталына ұқсас аукционға/тендерге қатысушыға кепілдік жарнаны қайтару мерзімін 3 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру, сондай-ақ қайтару туралы талап беруді болдырмау;

11. Мемлекеттік корпорацияның жалдау шарттарының орындалуын тиісінше бақыламағаны үшін активтерді мүліктік жалдауға беру процесіне байланысты құрылымдық бөлімшелері жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында жауапкершілікті көздеу;

12. Тендерді/аукционды болдырмау үшін құқықтық негіздемелер тізбесін әзірлеу;

13. Алаңдарды мүліктік жалдауға беру үшін басым/қажетті алаңдар тізбесін әзірлеу;

14. Жалға берілетін алаңдарды, сондай-ақ жалға берушілердің төлемдерін тұрақты түрде мониторингілеуге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

15. Осы талдамалық анықтаманың 3.4-тармағында көрсетілген ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізу мүмкіндігін пысықтау.

## **8. Талдамалық анықтаманы жіберу**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Басқарма төрағасына.

Анықтаманы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ сайтында орналастыру.



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының коммерциялық активтерді басқару және коммерциялық сервис саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

**1-кесте**

*2021-2022 жылдардағы тендерлер бойынша жоспар және факт*

| №                      | Филиал                     | Жарияланған тендерлер | Өткізілген тендерлер | Жоспар бойынша сома | Нақты сомасы      | % Сомасы      |
|------------------------|----------------------------|-----------------------|----------------------|---------------------|-------------------|---------------|
| 1                      | Ақмола облысы              | 62                    | 1                    | 1410433             | 7875              | 0,56%         |
| 2                      | Ақтөбе облысы              | 54                    | 10                   | 4112495             | 9070205           | 220,55%       |
| 3                      | Алматы облысы              | 164                   | 16                   | 15369541            | 818153            | 5,32%         |
| 4                      | Атырау облысы              | 42                    | 9                    | 2004067             | 721394            | 36,00%        |
| 5                      | Шығыс Қазақстан облысы     | 88                    | 1                    | 2174884             | 24151             | 1,11%         |
